

**«Психологиялық-медициналық педагогикалық
консультацияның үздік маманы» байқауының
I (іріктеу) кезеңін ұйымдастыру және өткізу туралы**

Педагогтердің беделін арттыру, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату мақсатында және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми - практикалық орталығы» РММ-нің 2022 жылғы 06 сәуірдегі № 01-69 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясы педагогтері арасында «Психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның үздік маманы» Байқауының ережесіне сәйкес (1-қосымша) 2022 жылғы 03 мамыр мен 03 маусым аралығында өткізілсін.

2. Байқаудың қазылар алқасының құрамы 2 – қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім беруді жаңғырту орталығы басшысының орынбасары **С. Дауешоваға** жүктелсін.

Басшы



С. Мадеев